«№40 Ғ.Мұратбаев атындағы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде жоғары (9,10,11)сынып ер балалары арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында өткізілген жиналыстың хаттамасы

Ғ. Мұратбаев ауылы 14.03.2024ж

Мектеп директоры К. Ешанкулов
Келес АПБ ЖПҚ ЮПТ инспекторы полиция капитаны М.Алдабергенов
ДТЖО: М. Аққозиев, Ж. Бухарбаева
Мектеп психолгы А.Омар
Сынып жетекшілер 9
Оқушылар 92

**Күн тәртібіндегі мәселелер :**

1.Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу .
2.Әртүрлі мәселелер

**Тыңдалды:**

Бірінші мәселе мектеп директоры К.Ешанкулов бүгінгі күн тәртібімен таныстырды. Сөз кезегін Келес АПБ ЖПҚ ЮПТ инспекторы полиция капитаны М.Алдабергеновке берді. Сөз алған М.Алдабергенов ауданымызда болып жатқан түрлі жасөспірімдердің қылмысы жайлы айта келе ,осындай құқық бұзушылықтың алдын алуымыз керектігін айтты.Сонымен қатар қазіргі таңдағы жастар арасында белең алған электронды темекіге ауестіктен аулақ болу керектігіне тоқталды.Электронды темекінің адам өміріне зияндылығы жайлы айтты.

Екінші әр түрлі мәселе бойынша ДТЖО М. Аққозиев сөз алып, түнгі мезгілде (кешкі 22:00 ден таңғы сағат 06:00 ге дейін) беймезгіл жүрмеу, яғни бос уақытын тиімді пайдалану керектігін айтты. ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің 2015ж 15 қаңтар айында өзгерісі туралы айтылды. «Қылмыстық жауапкершілік туралы» түсіндіріп өтті.Сонымен бірге оқушылардың сабақтан кешікпеуі, сабақтан себепсіз қалмауы, кешкі мезгілде көшеде жүрмеуі, сабақтан жалтару туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Сөзге шыққан мектеп директоры К. Ешанкулов оқушыларға түнде беймезгіл көшеде жүрмеуге шақырды.Түрлі жастар арасында болып жатқан қылмыстың дерлік барлығы осындай түнде қараусыз жүруінен болып жатқанынан болып айтты.Сонымен қатар электронды темекіден аулақ болуға шақырды және де оқушылардың жолда жүру ережесін қатаң сақтауға , ауылға жақын ағып өтетін Келес, Сырдария өзендерінің маңына жақын бармау керектігін басты назарда ұстау қажет екенін айтты .

***Жиналыс қаулы етеді:***

1) Мектепте оқушылар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстары жандандырылсын.Барлық сыныптарға электронды темекінің зияндылығы жайлы түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, одан сақтану жұмыстары қолға алынсын.

**Жиналыс төрағасы:** **К.Ешанқұлов**
**Хатшысы:** **Ж. Бұхарбаева**

«№40 Ғ.Мұратбаев атындағы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде мұғалімдер және оқушылар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында өткізілген жиналыстың хаттамасы

Ғ. Мұратбаев ауылы 22.02.2024ж

Мектеп директоры К. Ешанкулов
Келес АПБ ЖПҚ ЮПТ инспекторы полиция капитаны М.Алдабергенов
Ата аналар комитетінің төрағасы Б. Мырзабаев
ДТЖО: М. Аққозиев, Ж. Бухарбаева
Мектеп психолгы А. Абдикадирова
Мектеп Медбикесі Г. Шынаева
Сынып жетекшілер 19
Оқушылар7- 8-9-10-11 сынып

**Күн тәртібіндегі мәселелер :**

1.Кәмелетке толмағандар арасында синтетикалық есірткі және де трамодолдың зияндылығы жайлы .
2.Құқық бұзушылықтың алдын алу
3.Әртүрлі мәселелер

**Тыңдалды:**

Бірінші мәселе мектеп директоры К.Ешанкулов бүгінгі күн тәртібімен таныстырды. Сөз кезегін Келес АПБ ЖПҚ ЮПТ инспекторы полиция капитаны М.Алдабергеновке берді. Сөз алған мектеп инспекторы жасөспірімдердің қылмысы,құқық бұзушылықтың алдын алу туралы айта келе қазіргі таңдағы жастар арасында белең алған синтетикалық есірткі мен трамадол пайдалану күшейіп кеткендігін ,осы індеттің алдын алу жұмыстарын жүргізу керектігіне тоқталды.Синтетикалық есірткі мен трамадолдың адам өміріне зияндылығы жайлы айтты.

Осы мәселе бойынша сөзге шыққан мектеп медбикесі Г. Шынаева синтетикалық есірткі мен трамадолдың адам ағзасына зиян екендігіне тоқталды. Сонымен қатар оқушылардың тәрбиесі жөнінде және мектеп қабырғасында тәртіпті сақтау отбасымен тығыз байланысты болу керектігін айтты.

Екінші мәселе бойынша ДТЖО М. Аққозиев сөз алып, түнгі мезгілде (кешкі 22:00 ден таңғы сағат 06:00 ге дейін) беймезгіл жүрмеу, яғни бос уақытын тиімді пайдалану керектігін айтты. ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің 2015ж 15 қаңтар айында өзгерісі туралы айтылды. «Қылмыстық жауапкершілік туралы» түсіндіріп өтті.

Сөз алған ДТЖО Ж. Бухарбаева оқушылардың сабақтан кешікпеуі, сабақтан себепсіз қалмауы, кешкі мезгілде көшеде жүрмеуі, сабақтан жалтару туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Үшінші әр-түрлі мәселелерге сөзге шыққан мектеп директоры К. Ешанкулов оқушыларды синтетикалық есірткі мен трамадолдан аулақ болуға шақырды. Және де мектеп мұғалімдеріне оқушылардың жолда жүру ережесін қатаң сақтауға , ауылға жақын ағып өтетін Келес, Сырдария өзендеріне балаларды баруы , балық аулау сияқты қауіпті жерлерге бармау керектігін басты назарда ұстау қажет екенін айтты .

***Жиналыс қаулы етеді:***

1) Сыныпта кәмелетке толмағандар арасында синтетикалық есірткі және де трамодолдың зияндылығы жайлы түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, одан сақтану жұмыстары қолға алынсын

***Жиналыс төрағасы:*** **К.Ешанқұлов**
**Хатшысы:** **Ж. Бұхарбаева**

«№40 Ғ. Мұратбаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде оқушылармен өткізілген жиналыс

№ 2 хаттамасы

Ғ. Мұратбаев ауылы қазан 2023ж

Қатысқандар:

№1 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің психолог маманы Н. Момбеков
Ақтөбе ауылдық округі әкімі аппаратының жастар ісі бойынша бас маман Е. Нұрматхан
Жастар ресурстық орталығы КММ-нің жастар ісі жөніндегі инспекторы Е. Базарбай
Ақтөбе ауылдық емханасының психолог маманы Д. Бабышева
9-11 сынып оқушылары

**Күн тәртібінде**

1. Жат ағымның алдын алу
2. Нашақорлыққа қарсы күрес
3. Құқық бұзушылықтың алдын алу

**Тыңдалды:**

Мектеп директоры К. Ешанқұлов күн тәртібімен таныстыра отырып, Қазақстандағы теріс ағымдағы діни экстремизм және терроризм қауіп қатері туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Мектеп күзетшілеріне және вахтершілеріне мектеп аумағына кірген бөгде адамдарды тіркеп, қандай мақсатта келгенін анықтап , мектеп басшылығының рұқсатымен кіру керектігін нақтылап айтты.

«Террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуының алдын алу» тақырыбы бойынша баяндамашы, балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің психолог маманы Н. Момбеков сөзге шығып, телефон арқылы ланкестік үрей туғызу мақсатында анонимді қоңырау шалынған жағдайда жасалынатын алғашқы әрекет жайында түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Ланкестік болған жағдайда оқушылардың тез арада қауіпсіз аймақтарға шығару жолдарын, мектептің эвакуация схемаларымен қалай шығу керектігін мұғалімдерге оқушыларды шығару жолдарын түсіндірді.Сонымен қатар ланкестік қаупі туралы жалған хабарлама берудің жауапкершілігі жайында жүйелі түсіндірді. Терористік тұрғыдан осал обьектілердің терроризмге қарсы қорғалуының алдын алу мақсатында қазан айында мектепте оқушыларды қауіпсіз аймаққа және сыртқа шығару бойынша жұмыс жүргізілді. Осы жүргізілген жұмыс уақытында оқушылар өз уақтында шығып үлгергенін айтты.

Екінші мәселеле бойынша Ақтөбе ауылдық округі әкімі аппаратының жастар ісі бойынша бас маман Е. Нұрматхан сөз алып нашақорлықтың ауыр дерт екендігіне тоқталды. Нашақорлықтың соңы өліммен аяқталатынын айта келе ,жастарды бұл дерттен аулақ болуға шақырды.Сонымен қоса террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуының алдын алу бойынша қосымша түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Осы бойынша мұғалімдерге және оқушыларға террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуының жолдарын көбірек үйрену керектігін айтты.

**Жиналыс қаулы етеді:**

1.Террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуының алдын алу бойынша жұмыстар жандандырылсын.

2. Қазақстандағы теріс ағымдағы діни эктремизм және терроризм қауіп қатер туралы түсіндіру жұмыстары күшейтілсін.

**Жиналыс төрағасы:** **К. Ешанқұлов**

**Хатшы:** **Ж. Бұхарбаева**

«№40 Ғ.Мұратбаев атындағы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемеінде мұғалімдер және ата –аналар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында өткізілген жиналыстың хаттамасы

Қатысқан мұғалімдер 94 23.12.2023ж

Ата-аналар 72

Келес АПБ ЖПҚ ның полиция капитаны М.Алдабергенов

Күн тәртібіндегі мәселелер :

1. Қылмыс және жасөспірім. Жасөспірімдер арасында өзіне-өзі қол жұмсаушылық (суицид) әрекеттерінің алдын алу (М. Аққозиев)

2. Мұғалімдер мен оқушылар арасында суицидтік мінез-құлық ерекшеліктері тақырыбында түсіндірме жұмыстары туралы.(А. Омаров, Т. Бұхарбаев

3. Әртүрлі мәселелер

Тыңдалды:

Мектеп директоры К.Ешанқұлов мұғалімдер мен ата-аналарды күн тәртібімен таныстырды. Мектеп оқушылары арасында түрлі діни ағымға еліктеудің алдын алып отыру қажет екенін айтты. «Діни сенім бостандығы және діни бірлестріктер туралы» ҚР Заңының 5 бабына сәйкес Республикада білім беру мен тәрбиелеудің мемлекеттік жүйесі діни бірлестіктерден бөлінген рухани сипатта болатындығы жөнінде айтылған. Сондай-ақ балаларды дінге баулу бойынша мәжбірлеу шараларын қолдауға тиым салынғандығын айтты.

Бірінші мәселе бойынша М.Д.Т.І.Ж.О М.Аққозиев сөз алып мектеп оқушылар арасындағы қылмыстық істерді болдырмау мақсатында атқарылып жатқан жұмыс түрлерімен таныстырып өтті. Оқушыларды отан сүйгіштікке, патриоттық тәрбие беруге, ұлттық тәрбие беру жолдарына көңіл бөлді. Жас өспірімдер арасында тұрмысы орта және тұрмысы төмен отбасы оқушылары да бар. Бұл оқушыларға мемлекетіміз тарапынан қолдау көрсетіліп отырады. Оқуда, тәлім-тәрбие беруде оқушылардың көңі-күйіне, мінез-құлқының өзгерістеріне жіті көңіл бөліп тұру қажеттілігін ескертті. Бұл жағдай ата-аналар, мектеп медбикесі, әлеуметтік педагог, психологтар мен мұғалімдер назарынан тыс қалмау қажеттілігін айтты.

Сөзге ата-аналар комитетінің төрағасы Б. Мырзабаев шығып, күн тәртібінде қойылған мәселелер орынды екенін айтты. Мектепте оқу мен тәлім-тәрбие беру егіз. Бала тәрбиесі отбасынан басталады. Біз ата-аналар балаларымызды қылмыстық істен аулақ ету, оның алдын алу жұмыстарын айтып отыруымыз керек.Көреген ғалым Әл-Фараби айтқандай «Бірінші тәрбие,екінші білім»- дегендей бала тәрбиесіне көңіл бөлейік. Сондай-ақ балалардың мінез-құлқының өзгерістеріне көңіл бөлуіміз керек.Өтпелі кезең отбасылық жағдайлар балаға әсер ететінін білеміз. Балалардың өзіне-өзі қол жұмсау (суицид) әрекеттерінің алдын алу шараларын ойластыру қажет деп білеміз.

Сөзге ата-аналардан: Искахов Куандық, Бабышов А, Сәмбетов Әбулер шығып өз ойларын ортаға салды.

Сөзге сынып жетешілерінен Г. Абдиева, Б. Субанова, Б.Әлдешовтар шығып өз ойларын ортаға салды.

Үшінші мәселе бойынша мұғалімдер мен ата-аналар арасында «Суицидтік мінез құлық ерекшеліктері» туралы Келес АПБ ЖПҚ ның полиция капитаны М.Алдабергенов сөзге шықты. Ол өз сөзінде:Оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай отырып мінез құлықтарының өзгеруі, сондай-ақ тұрмыстық жағдайға байланысты көңіл-күйінің бұзылуы сияқты өзгерістер болуы мүмкін. Біз мұғалімдер мен ата-аналар оқушылардың осындай өзгерістерін бақылап отыруымыз қажет.

«№40 Ғ.Мұратбаев атындағы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіндегі оқушылар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында өткізілген ұлдар жиналысының хаттамасы

Ғ. Мұратбаев ауылы 19.09.2023ж

Қатысқандар:
8,9,10,11 сынып оқушылары
Сынып жетекшілер
Келес АПБ ЖПҚ ның полиция
капитаны М.Алдабергенов

Күн тәртібіндегі мәселелер :

1. Кәмелетке толмаған жастар арасындағы қылмыстың алдын алу.
2. Әртүрлі мәселелер

Тыңдалды:

Мектеп директоры К.Ешанқұлов оқушыларды күн тәртібімен таныстырып сөз кезегін Келес АПБ ЖПҚ ның полиция капитаны М.Алдабергеновке берді. Полиция капитаны М.Алдабергенов Түркістан облысында кәмелетке толмаған жастар арасында жасалған қылмыстар жайлы мәлімдей келе, оқушыларды осындай қылмыстардан аулақ болуға шақырды. Әрбір кішігірім бұзақылықтардың барлығының баптарын айта келе, кәмелет жасына толмаған балалардың қылмысына ата-анамен қосыла баланың өзі де жауап беретіндігін айтты. Қылмысы дәлелденген жағдайда қылмыс істеген бала түзеу мекемесіне жіберілетіндігін айтып,балаларды әрқашан абай болуға және тәртіпті болуға шақырды.

Сөз алған директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.Аққозиев оқушылар арасындағы қылмыстық істерді болдырмау мақсатында мектебімізде атқарылып жатқан жұмыс түрлерімен таныстырып өтті. Мектебімізде балаларды отан сүйгіштікке, патриот болуға және де ұлттық тәрбие беру жолдарына көңіл бөлінгендігі жайлы айтты. Жасөспірімдер арасында тұрмысы орта және тұрмысы төмен отбасы балалары да бар. Мұндай оқушыларға мемлекетіміз тарапынан қолдау көрсетіліп отырады. Оқуда, тәлім-тәрбие беруде оқушылардың көңі-күйіне, мінез-құлқының өзгерістеріне жіті көңіл бөліп тұру қажеттілігін ескертті. Бұл жағдай ата-аналар, мектеп медбикесі, әлеуметтік педагог, психологтар мен мұғалімдер назарынан тыс қалмау қажеттілігін айтты.

Қорытынды сөзге шыққан мектеп директоры К.Ешанқұлов күн тәртібінде қойылған мәселелер орынды екенін айтты. Мектепте оқу мен тәлім-тәрбие беру егіз. Бала тәрбиесі отбасынан басталады. Біз ата-аналар балаларымызды қылмыстық істен аулақ ету, оның алдын алу жұмыстарын айтып отыруымыз керек. Көреген ғалым Әл-Фараби айтқандай «Бірінші тәрбие,екінші білім»- дегендей бала тәрбиесіне көңіл бөлейік. Сондай-ақ балалардың мінез-құлқының өзгерістеріне көңіл бөлуіміз керек. Тәрбиенің негізі отбасында және мектепте қаланатынын білеміз. Сондықтан да біз әрдайым балалардың іс-әрекеттеріне , мінез құлықтарының өзгеруіне , көңіл күйлеріне қарап отырамыз деп өз ойын аяқтады.

**Қаулы етеді**

1.Мектеп оқушыларының қылмыстық іс-әрекеттерінің алдын алу жұмыстары жандандырылсын.
2Сынып жетекшілер тарапынан оқушылар тәртібі күнделікті бақылауға алып отырылсын.

Жиналыс төрағасы: К.Ешанқұлов
Хатшысы: Ж. Бұхарбаева

«№40 Ғ.Мұратбаев атындағы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіндегі оқушылар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында өткізілген жиналысының хаттамасы

Ғ. Мұратбаев ауылы 24.10.2023ж

Қатысқандар:
8,9,10,11 сынып оқушылары
Сынып жетекшілер

Күн тәртібіндегі мәселелер :

1. Кәмелетке толмаған жастар арасындағы қылмыстың алдын алу.
2. Көшеде жүру ережесін сақтау
3. Әртүрлі мәселелер

Тыңдалды:

Мектеп директоры К.Ешанқұлов оқушыларды күн тәртібімен таныстырып сөз сөзінде кәмелетке толмаған жастар арасында жасалған қылмыстар жайлы айта келе, оқушыларды осындай қылмыстардан аулақ болуға шақырды. Кәмелет жасына толмаған балалардың қылмысына ата-анамен қосыла баланың өзі де жауап беретіндігін айтты.

Сөз алған директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж. Бухарбаева оқушылар арасындағы қылмыстық істерді болдырмау мақсатында мектебімізде атқарылып жатқан жұмыс түрлерімен таныстырып өтті. Мектебімізде балаларды отан сүйгіштікке, патриот болуға және де ұлттық тәрбие беру жолдарына көңіл бөлінгендігі жайлы айтты. Оқушылардың көшеде жүру ережесі жайлы да түсінік беріп өтті. Оқуда, тәлім-тәрбие беруде оқушылардың көңі-күйіне, мінез-құлқының өзгерістеріне жіті көңіл бөліп тұру қажеттілігін ескертті.

Келесі сөз алған мектебіміздің психологы А. Омар күн тәртібінде қойылған мәселелер орынды екенін айтты. Мектепте оқу мен тәлім-тәрбие беру егіз. Бала тәрбиесі отбасынан басталады. Біз ата-аналар балаларымызды қылмыстық істен аулақ ету, оның алдын алу жұмыстарын айтып отыруымыз керек. Көреген ғалым Әл-Фараби айтқандай «Бірінші тәрбие,екінші білім»- дегендей сіздердің тәрбиелеріңіздің жақсы болуына мектеп ұжымы ықпал жасап жатқандығы, сондай-ақ балалардың мінез-құлқының өзгерістеріне көңіл бөлуіміз керек деп өз ойын аяқтады.

**Қаулы етеді**

1.Мектеп оқушыларының қылмыстық іс-әрекеттерінің алдын алу жұмыстары жандандырылсын.

2 Сынып жетекшілер тарапынан оқушыларға көшеде жүру ережесі кеңінен түсіндірілсін.

Жиналыс төрағасы: К.Ешанқұлов
Хатшысы: Ж. Бұхарбаева

«Бекітемін»
Мектеп директоры
К. Ешанкұлов
……

«№-40 Ғ. Мұратбаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде мектеп оқушылары арасында құқық бұзушылықтың алдын алу барысында атқаратын жұмыс жоспары.

2023-2024 оқу жылы

| | Атқаратын іс- шаралар | Мерзімі | Жауаптылар |
|---|---|---|---|
| 1 | Мектептегі тәртіп бұзушылыққа бейім оқушыларды анықтау, тізімін алу | Қыркүйек | Педагог- психолог Сынып жетекшілері |
| 2 | Ерекше назардағы оқушыларды назарға алу (журнал, жеке папка арнау) | Кезінде | ДТІЖ.О |
| 3 | Әңгіме: «Қылмыс және жасөспірім», (Жас өспірімдер өзін -өзі қол жұмсаушылық (суицид) әрекеттерінің алдын алу) | Әр тоқсанда | ДТІЖ.О<br>Педагог-психолог<br>Әлеуметтік-педагог Сынып жетекшілері |
| 4 | Ерекше назардағы оқушылармен, олардың ата-аналарымен жеке профилактикалық жұмыс жүргізу және оқушылардын бос уақытында қабілеті мен жас ерекшелігіне қарай үйірме жұмыстарына тарту | Үнемі | Д.Т.І.Ж.О<br>М. Ақкозиев<br>Пед.психолог<br>А. Алимбекова А.Омаров |
| 5 | Оқушыларға жолда жүру ережесін сақтау туралы әңгіме жүргізу | Жылына 2 рет | Аға тәлімгер<br>Сынып жетекшілер |
| 6 | Әңгіме: Наркология орталығының маман дәрігерлерімен бірлесіп зиянды заттардын (темекі шегу, ішімдік, нашақорлық және токсикомонианың жас организмге зияны тақырыбында әңгіме өткізу). | Тоқсан сайын | Мектеп медбикесі:<br>Г. Шынаева |
| 7 | Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың профилактикасы мен балалардын қадағалаусыз, панасыз қалуының алдын алу барысында айлық іс шаралар өткізу | Әр тоқсан | Д.Т.І.Ж.О: М. Аққозиев<br>Пед-псих: А. Алимбекова<br>Әлеу.-пед.Т.Бухарбаев |
| 8 | Өмірдің қиын кезендеріне кезіккен оқушыларды уақытында анықтап, аудан әкімдігі жанындағы кәмелетке толмағандар ісі және оларды қорғау жөніндегі комиссияға құжаттарын уақытында тапсыру | Үнемі | Д.Т.І.Ж.О: М. Аққозиев<br>Пед-псих: А. Алимбекова<br>Әлеу.-пед.Т.Бухарбаев |
| 9 | Сабақты көп жіберетін, сабақтан себепсіз, рұқсатсыз кететін оқушылармен, олардын ата-анасымен жұмыс жүргізу (ҚР заңнамаларында көрсетілген құқықтарымен таныстыру) | Ай сайын | Сынып жетекшілері |
| 10 | Діни экстремизм терроризмге қарсы заңнамалардың жүзеге асырылуы. Хизбуд-Тахрир діни экстремистік бірлестігінің | Ақпан айы | Д.Т.І.Ж.О: М. Аққозиев<br>Пед-псих: А. Алимбекова<br>Әлеу.-пед.Т.Бухарбаев |

«№40 Ғ.Мұратбаев атындағы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде жо5ары сынып оқушылары арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында өткізілген жиналыстың хаттамасы

Ғ. Мұратбаев ауылы 23.05.2024ж

Мектеп директоры К. Ешанкулов
Келес АПБ ЖПҚ ЮПТ инспекторы полиция капитаны М.Алдабергенов
ДТЖО: М. Аққозиев, Ж. Бухарбаева
Мектеп психолгы А.Омар
Мектеп Медбикесі Г. Шынаева
Сынып жетекшілер 11
Оқушылар-9-10-11 сынып

**Күн тәртібіндегі мәселелер :**

1. «Абайлаңыз балалар !» жедел пропилактикалық іс-шарасын өткізу .
2. Соңғы қоңырау кезінде құқық бұзушылықтың алдын алу

**Тыңдалды:**

Бірінші мәселе мектеп директоры К.Ешанкулов бүгінгі күн тәртібімен таныстырды. Сөз кезегін Келес АПБ ЖПҚ ЮПТ инспекторы полиция капитаны М.Алдабергеновке берді.Сөз алған М.Алдабергенов жасөспірімдердің қылмысы,құқық бұзушылықтың алдын алу туралы айта келе қазіргі таңдағы жастар арасында белең алған түрлі құқық бұзушылықтар жайында айтты.Атап айтар болсақ түнде беймезгіл көшеде жүрмеу ,өзен көл жағаларына бармау,рұқсат етілмеген жерлерде шомылмау ,мектепке келіп –кету кезінде жол ережесін сақтау мәселелері жайында кеңінен түсіндірді.

Осы мәселе бойынша сөзге шыққан мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.Аккозиев құқық бұзушылықтың алдын алу керектігіне тоқталды. Сонымен қатар оқушылардың тәрбиесі жөнінде және мектеп қабырғасында тәртіпті сақтау отбасымен тығыз байланысты болу керектігін айтты.Сонымен қатар түнгі мезгілде (кешкі 22:00 ден таңғы сағат 06:00 ге дейін) беймезгіл жүрмеу, яғни бос уақытын тиімді пайдалану керектігін айтты. ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің 2015ж 15 қаңтар айында өзгерісі туралы айтылды. «Қылмыстық жауапкершілік туралы» түсіндіріп өтті.

Сөз алған ДТЖО Ж. Бухарбаева оқушылардың сабақтан кешікпеуі, сабақтан себепсіз қалмауы, кешкі мезгілде көшеде жүрмеуі, сабақтан жалтару туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді.Оқушылардың жолда жүру ережесін қатаң сақтауға , ауылға жақын ағып өтетін Келес, Сырдария өзендеріне балаларды баруы , балық аулау сияқты қауіпті жерлерге бармау керектігін басты назарда ұстау қажет екенін айтты .

***Жиналыс қаулы етеді:***

1) «Абайлаңыз балалар !» пропилактикалық іс-шарасы негізінде барлық сыныптарда жұмыстар жүргізілсін.
2) «Соңғы қоңырау» кезіндегі оқушылар қауіпсіздігінің алдын алу жұмыстары жүргізілсін

**Жиналыс төрағасы:** **К.Ешанқұлов**
**Хатшысы:** **Ж. Бұхарбаева**